



«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Н.Рахметуллина

2021ж

«Келісемін»

Оқу -ісінің меңгерушісі:

А.Кагазғалиева А.Кагазғалиева

« 31 » 08

2021ж

«Қол еңбегі»

Вариативтік компонентінің жылдық жоспары 32 сағат

Мектепалды даярлық «А» сынып тәрбиешісі: Қ.Даулетова

Түсінік хат

Мектепалды дайындық тобында еңбекке баулуда балалардың жалпы еңбекке дайындығының негізі салынады. Пәннің негізгі ерекшелігі – адам және қоршаған әлем арасындағы өзара байланысы, қоғам дамуындағы адам қызметінің рөлі туралы түсініктерін, алғашқы технологиялық біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру. Мектепке дейінгі ұйым балаларының өз қолдарымен ойыншық жасау оларға қуаныш сыйлайды. Қол еңбегі балалардың ұсақ моторикасын, тілін, психикалық процесін, зейінін, есте сақтау қабілетін, қиялын дамытады. Оқуға дайындық үшін бұл іс – әрекет түрлері өте маңызды. Еңбек баланы дамуының (адамгершілік, ақыл-ой, физикалық, эстетикалық) ең бір басты факторы болып табылады. Бұл бағдарламаның жаңашылдығы білім берудің базалық мазмұнын кеңейтуге, балалардың қосымша білім, білік, дағды алуына бағытталған. Осы сатыда қалыптасатын дағды баланың одан әрі дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, меңгеретін білім және білікті белсенді түрде қабылдауы мен түсінуіне мүмкіндік тудырады. Ол балалардың шығармашылыққа, оқуға қызығушылығын арттырады. Балалардың түрлі материалдарға қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның мақсаты: - бастапқы технологиялық білім, еңбек білігі мен дағдысын, іс-әрекетті жоспарлау және ұйымдастыру тәсілдерін меңгерту;

- сенсорика, қол саусақтарының кіші моторикасын, кеңістік қиялын, ақпарат түрлерінде бағдарлау қабілеттерін дамыту;
- қоршаған әлем өзгерісіндегі адам еңбегінің рөлі туралы білімді меңгерту;
- адам және адам еңбегіне құрметпен карауға, еңбексүйгіштігін тәрбиелеу.

Міндеттер: - балалардың еңбексүйгіштігін, ересектердің еңбегіне құрметпен карау, материалдар мен құрал-жабдықтарды үнемдеуге үйрету;

- еңбек мәдениетін, бастапқы білім, біліктерін қалыптастыру;
- практикалық іс-әрекетте және күнделікті өмірде алған білім мен білігін пайдалану;
- жеке гигиена ережесін сақтау, материалдар және құралдармен қауіпсіздік жұмыс тәсілін қолдану дағдысын дамыту;

-балалардың шығармашылық қабілетін, көркем сезімін, шығармашылық қиялын, кеңістік ой-өрісін, эстетикалық талғамы мен құрастырушылық қабілеттерін дамыту;

Күтілетін нәтиже:- қайшымен және де басқа өткір құралдармен жұмыс жасау ережелерін қолдануды
-оригаманың, пластилиннің, түрлі табиғи және жасанды материалдардың негізгі тәсілдерін және техникасын олармен бірге жұмыс жасайтын материалдардың қасиеттерін біледі
- табиғи материалдармен жұмыс жасауды
- қайшыны дұрыс және ұқыпты қолдануды
- жұмыста оригама, пластилиннің, түрлі табиғи және жасанды материалдардың негізгі техникасын қолдануды
- қажетті материалды тандауды

Қол еңбегі -32 сағат

№	Сабақтың тақырыбы	Сабақтың мақсаты	Әдіс-тәсілі	Сағат саны	Күні
1	Қағазбен жұмыс. «Күшік пен мысық»	Балаларды қағаз түрлері,оның қолданылуы,сапасымен таныстырып, қағазды қолданып күшік пен мысықты жасауға үйрету.Балалардың тіктөртбұрыш пішінді қағаздан әртүрлі ойыншықтар жасату арқылы ой-қиялын ,шығармышылық қаблеттерін дамыту. Қол еңбегіне,өз қолымен жануарды жасауға қызығушылығын арттыру. ;қағазбен жұмыс жасай білу дағдыларын калыптастыру, қайшымен қауіпсіз жұмыс жасау ережесімен таныстыру.	қағазды бүктеу,кию,желімдеу,қарама-қарсы бұрыштарын теңестіру,түзу кию тәсілдерін түсіндіру;үлгілерді талдау.	1	1.09
2	Қағазбен жұмыс. «Тұқым салатын қапшық»	Балаларды қағаз түрлері,оның қолданылуы,жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру.Қағаздың бұрыштарын теңестіріп бүктеу, бүктеу сызығын тегістеу және қабаттап желімдеу дағдыларын калыптастыру. Қол еңбегіне,өз қолымен жануарды жасауға қызығушылығын арттыру.	қағазды бүктеу,кию,желімдеу,қарама-қарсы бұрыштарын теңестіру,түзу кию тәсілдерін түсіндіру;үлгілерді талдау.	1	8.09
3	«Құстар»	Балаларды табиғи материалдармен таныстыру;олармен жұмыс жасаудың алғашқы дағдыларын калыптастыру; Онымен жұмыс істеуге қажетті құрал-жабдықтармен қауіпсіз жұмыс істеуге дағдыландыру;табиғи материалдарды	қағазды бүктеу,кию,желімдеу,қарама-қарсы бұрыштарын теңестіру,түзу кию тәсілдерін түсіндіру;үлгілерді талдау.	1	15.09

		біріктіру,толықтыру жұмысына ермексазды орынды пайдалануға үйрету; Құстардың бейнесін жасауды үйрену;жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу			
4	Табиғи материалдармен жұмыс. «Жануарлар»	Жануарлар бейнесін жасауға қажетті материалдарды дұрыс таңдап алуға үйрету;Композиция құрастыра алу дағдыларын дамыту;табиғатты қорғауға тәрбиелеу;жануарлар бейнесін жасай білу дағдыларын қалыптастару;Шығарманың сюжетін аша білуге үйрету.	қағазды бүктеу,кию,желімдеу,қарама-қарсы бұрыштарын теңестіру,түзу кию тәсілдерін түсіндіру;үлгілерді талдау.	1	22.09
5	Қағазбен жұмыс. «Альбом»	Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру;тік төрт бұрышты қағазды біріктіріп бүктеу және бір-біріне желімдей білуге үйрету;Оны әшекейлеуде көркемдік талғамын дамыту;Бастаған ісін аяғына дейін шыдамдылықпен жеткізе білуге тәрбиелеу.	сұрақ-жауап,әңгімелесу, қағазбен жұмыс,	1	29.09
6	Қажетсіз заттармен жұмыс. «Ойыншықтар әлемі»	Балаларды әртүрлі «қалдық заттарды»пайдаға асыра білуге үйрету;Йогурттың босаған құтыларынан,пластмасса ыдыстардан алуан түрлі ойыншықтар жасай білу;жасаған ойыншықтарын түрлі түсті қағаз,маркер,ермексазды пайдаланып безендіре білуге үйрету;Алға қойған мақсатына жетуге,бастаған ісін соңына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу.	үлгі суреттерді қарау,талдау,әңгімелеу;орындалу ретін түсіндіру,көрсету,ойнау.	1	6.10

7	Матамен жұмыс. «Мектеп шеберханасына саяхат»	Мата түрлерімен таныстыру, олардың түр-түсін, сапасын ажырата білуге үйрету; шеберханадағы тігін құрал-жабдықтарымен, олардың пайдалануымен, құрылысымен танысу; Қауіпсіздік ережесі туралы түсінік беру.	сұрақ-жауап, әңгімелесу, қағазбен жұмыс,	1	13.10
8	Қажетсіз заттармен жұмыс. «Көңілді шеберхана.»	Өртүрлі заттардан қуыршақ жасауды үйрету; баланың шығармашылығын, қиялын, тапқырлығын дамыту; саусак театры ойындарымен таныстыру.	сұрақ-жауап, әңгімелесу, қағазбен жұмыс,	1	20.10
9	Қажетсіз заттармен жұмыс. «Жол белгісі.»	балаларға жол белгісі туралы түсінік беру; оларға өндіріске қажетсіз заттардан (киндердің қабығы, тіс шүкитын ши, сіріңкеден босаған қорап) жол белгілерін жасауды үйрету, ойыншықтардың жасалу жолдарын түсіндіру; жол ережесі туралы білімдерін жетілдіру.	түсіндіру, әңгімелесу, қажетсіз заттарды пайдалану жолдарын үйрету.	1	27.10
10	Матамен жұмыс. «Тігіс түрлерімен таныстыру.»	Балаларды қол еңбегімен, ине-жіппен, тігу түрлерімен таныстыру; ине-жіппен жұмыс істеу тәсілімен таныстыру; инені сабақтау, ұшын түюді үйрету; «көктеу» және «шеттік» тігіс түрлерімен таныстыру; ине-жіпті пайдалану ережелерін сақтауға үйрету. Шығармашылығын, белсенділігін арттыру; Тиісті нәтижелерге қол жеткізіп, еңбек етуге ынталандыру.	сұрақ-жауап, әңгімелесу, қағазбен жұмыс,	1	10.11

11	Матамен жұмыс. «Сулықты шашақтау.»	Матаның түрлері,сапасы жайында білімдерін тиянақтау;сулықты шашақтау тәсілін үйрету; инені сабақтау,дұрыс ұстау,қауіпсіздік ережесін сақтау дағдыларын қалыптастыру, ерінбей еңбек етуге тәрбиелеу.	сұрақ-жауап,әңгімелесу, қағазбен жұмыс,	1	17.11
12	«Балапан»	Қағазбен жұмыс жасау іскерлігін үйрету; қайшымен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік ережесін сақтау дағдыларын қалыптастыру, құстарға қамқор болуға, оларды сүйеге, ерінбей еңбек етуге тәрбиелеу.	құстар туралы әңгімелеу; қағаз түрлерін таңдау; үлгілерді кию, жапсыру.	1	24.11
13	«Ине шанышқыш тігу.»	Балаларды поролоннан заттар жасай білуге үйрету.Матаның сапасын ажырата білуге үйрету.Шеберханамен танысу арқылы тігінші еңбегін құрметтеу,еңбек құралдарымен таныстыру,олардың маңызын түсіндіру,колдану ,ережелері сақтауға үйрету.	үлгі суреттерді қарау, талдау, әңгімелесу; орындалу ретін түсіндіру, көрсету, ойнау.	1	8.12
14	Қағазбен жұмыс. «Мерекелік масқалар»	Балаларды қағазбен жұмыс жасауға,сызық бойымен дұрыс киюға,ұқыпты желімдеуге үйрету;Шығармашылығын,белсенділігін арттыру;Тиісті нәтижелерге қол жеткізіп,еңбек етуге ынталандыру.		1	15.12
15	Қағазбен жұмыс. «Шырша ойыншықтары.»	Балалардың шырша шырақтарын қағаздан жасау дағдыларын қалыптастыру.Қиылған дайын трафарет,шабландар бойынша қажетті пішіндерді киып,бір-біріне желімдеу дағдыларын қалыптастыру; шырша шырақтарын әдемілеп жасау.	сұрақ-жауап,әңгімелесу, қағазбен жұмыс,	1	22.12

		Ұқыпты жасауға, өз орындарын таза ұстап, жұмыстан кейін жинап қоюға дағдыландыру.			
16	«Ағашпен жұмыс»	Мектеп шеберханасына саяхат жасатып, балаларды ағашпен жұмыс істеу жолдарымен таныстыру. Ағаштан жасалған бұйымдарды көрсету. Балғамен, арамен жұмыс істеудің қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. ағашпен жұмысқа қажетті құралдар жайында жалпы түсінік беру. Үлкен адамдар еңбегін құрметтеуге, табиғатты сүйуге тәрбиелеу.	үлгі суреттерді карау, талдау, әңгімелесу; орындалу ретін түсіндіру, көрсету, ойнау	1	29.12
17	«Қамшы өру»	Қол еңбегіне, өз қолымен бұйым жасауға қызығушылығын арттыру; ұлттық «Қыз қуу», «Бәйге», «Көкпар» сияқты ойындар үшін қамшы өрумен таныстыру; үш өрім өруді, ұшын бекітуді, сабымен біріктіруді үйрену, жіптердің түстерін үйлестіре өру әдіс-тәсілдерін меңгеру; тапсырылған істі ұқыпты, тиянақты орындауға, еңбек ете білуге тәрбиелеу.	өру әдіс-тәсілдерін көрсету, іс-әрекет барысын сипаттау.	1	19.01
18	«Сулықты кестелеу.»	Балаларды матамен жұмысты жалғастыру; қарапайым кесте тігу өнерімен таныстыру; кестежіптің ерекшелігін түсіндіру; тігіс түрлерін орындау, инемен жұмыс істеу ережелерін сақтай білу.	дайын тігілген қыздар көйлегін қарап, ұқыпты тігілген тігіс түрлеріне талдау жасау.	1	26.01
19	Табиғи материалмен жұмыс « Қошақан »	Табиғи материалмен жұмыс жасау іскерлігін үйрету; Жүгері собығын көрсету, қажеттілігін әңгімелеу. Үй жануарларын сүйге тәрбиелеу.	Үй жануарлары туралы әңгімелеу; жүгері собығын таңдау; үлгілерді карау, құрастыру.	1	02.02

20	Қағазбен жұмыс.»Көңілді аңдар.»	Қағазбен жұмыс жасау іскерліктерін дамыта отырып,аңдардың дене мүшелеріне тоқталу және көңіл күйлерін дәл бере білуге үйрету.Қауіпсіздік ережелерін естен шығармау.	Жабайы аңдар туралы әңгімелеу; тақпақтар жаттау ; үлгілерді қарау,құрастыру.	1	16.02
21	Қажетсіз материалдармен жұмыс. «Атай шалқан отырғызды.»	Ертегілерді еске түсіре отырып,кейіпкерлерді дәл бере бұлу қабілеттерін дамыту.Ертегі мазмұнын әсерлі баяндауға үйрету.	Ертегі желісін және жұмыртқа туралы әңгімелеу; түсті суреттер мен үлгілерді қарау, қию,желімдеу.	1	23.02
22	Қағазбен жұмыс: «Көңілді поезд»	Қажетсіз заттар және қағазбен жұмыс жай білуге үйрету.(сіріңке қораптарын жинау,қаптау, бояу, түсті қағаздарды қию,құрастыру,жапсыру)	Сіріңке қораптарымен жұмыс жасау әдістерін көрсетеді,түсті суреттер мен үлгілерді қарау, қию,желімдеу.	1	2.03
23	Қалдық заттармен жұмыс: «Жануарлар патшалығы»	Қалдық заттардан ойыншықтар жасата отырып,іскерлік қабілеттерін дамыту.	Қажетсіз заттармен жұмыс жасау әдістерін көрсетеді,түсті суреттер мен үлгілерді қарау, қию,желімдеу.	1	9.03
24	Қағазбен жұмыс: «Қораптардан жасалған жиһаз»	Ойлау қабілеттерін дамыту.	Қағаздан жасалған заттарды еске түсіру, жиһазды үлгіге қарап немесе өз беттерінше дайындап жапсыру.	1	16.03
25	Табиғи заттармен жұмыс: «Жаңғақтан жасалған кеме»	Ойлау,құрастыру,орындау қабілеттерін дамыту.	Табиғи заттармен жұмыс жасау іскерліктерін одан әрі дамыту.	1	6.04

26	Қағазбен жұмыс. «Желкенді қайық»	Бүктеу әдісін меңгерту.Саусақ жұмысын жетілдіру.	Қағазбен,бүктеу әдісі бойынша жұмыс жасау іскерліктерін одан әрі дамыту.	1	13.04
27	Табиғи материалдармен жұмыс. «Сал»	Бұтақтармен жұмыс жасауды жетілдіру.	біріктіру әдісі бойынша жұмыс жасау іскерліктерін дамыту.	1	20.04
28	Сымтемірмен жұмыс. «Көктемгі гүлдер»	Сымтемірдің сапаларын ажырата білуге,олардан түрлі нәрселер жасай білуге үйрету.	орау әдісі бойынша жұмыс жасау іскерліктерін дамыту.	1	27.04
29	«Гүлденген бақша»	Мата туралы білімдерін жалғастыру.Матадағы сызық бойымен қию жолдарын көрсету.	сызық бойымен қию әдісі бойынша жұмыс жасау іскерліктерін дамыту.	1	4.05
30	«Жаңғақ қабығынан жасалған жануарлар»	Табиғи материалдар туралы білімдерін жалғастыру.Жаңғақ қабығынан жануарлар бейнесін жасауды үйрету.	жаңғақ қабығынан құрастыру әдісі бойынша жұмыс жасау іскерліктерін дамыту.	1	11.05
31	Қағазбен жұмыс. «Қазақстан жануарлары»	Түсті қағазды қию іскерліктерін бекіту.	түсті қағаздардан қию,жапсыру әдісі бойынша жұмыс жасау іскерліктерін бекіту.	1	18.05
32	Қайталау.	Жыл бойы өткен тақырыптарға шолу жасау, өздерінің орындаған нәрселерін қызықтап тамашалау және өз ойларынан тың нәрселер ойлап табу,орындау.	түсті қағаздар, үлгі суреттері,мата қиындылары, желім,қайшы т.б.	1	25.05